



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№33 (10 236)

16 тамыз

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ "КӨШБАСШЫ - 2024" ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫ



12 - тамыз Халықаралық жастар күніне орай Талдықорған қаласында Жетісу облысы әкімінің «Көшбасшы - 2024» жастар сыйлығын табыстау салтанаты өтті. Аталмыш сыйлықтың үш номинациясына біздің ақсулықтар ие болды. Олар: «Үздік ауылшаруашылығы саласындағы жас маман» номинациясын Н.Есеболатов ауылынан «Айдын-М» шаруа қожалығының меңгерушісі Болатхан Айдын, «Үздік жас патриот» номинациясын Қаракөз ауылынан Жұмағали Нұржан, «Үздік жас отбасы» номинациясын Билаловтар отбасы ие болып, 500 мың теңге сыйлықпен марапатталды.


АБАЙ МҰРАСЫ - РУХАНИ ДАМУ БАСТАУЫ

10 тамыз – қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының туған күні. Бұл күн 2020 жылдан бастап Қазақстанда мереке ретінде аталып өтілуде.

Бұл – ұлтты ұйыстырып, ынтымақ пен берекеге шақыратын, тұтастыққа үндейтін қастерлі күн! Осы күні тек қазақ халқы ғана емес, тұтас дүниежүзі жұртшылығы ақын рухына тағзым етіп, құрмет көрсетеді.

Біздің ауданымызда да Ұлы Абай күні зор салтанатпен аталып өтті. Кешкі салқынмен орталық алаңда басталған шараны өткізуге мұрындық болған аудандық жастар ресурстық орталығы мен «Қобызшы Молықбай» атындағы мәдениет үйі қызметкерлері мен аудан өнерпаздары.

Шара барысында аудан әкімінің орынбасары Дәулетбекова Күләйхан Тұрсынбекқызы құттықтау сөз сөйлеп, Ұлт руханиятының темірқазығы, қазақтың бойтұмарына айналған ұлы ақын мұраларын насихаттайтын өлеңдер мен Абай атамыздың өндері орындалды. Күләйхан Тұрсынбекқызы өз сөзінде: «Абай мұрасы – рухани біртұтастығымыздың бастауы. Осынау қастерлі құндылығымызды көздің қарашығындай қорғау – ертеңгі ұрпақтың ең үлкен парызы», - деп



аудан тұрғындарын Абайды оқуға шақырды.

Шара барысында аудан тұрғындарымен қоса Шымкенттен, Атыраудан, Ақтаудан келген қонақтар да әртүрлі ойындарға белсене қатысып, Абай өлеңдерін жатқа оқыды. Ақсу ауданының сый - құрметін көріп, риза болып тарқасты.

Соңында аудан жастары жастарға үлкенді сыйлау, ата - ананы, ата - енені құрметтеуге бағытталған "Бөлек шығамын" атты бейне фильм көрсетті.

Жанар АУБАКИРОВА.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН - ЖАЗ ОЙЛА!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары! Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты

жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

"АБАЙДЫҢ МҰРАСЫ - АДАМЗАТ ҚАЗЫНАСЫ" тақырыбында әдеби марафон



«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалы мен аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен 10 тамыз Абай күніне арналған «Абайдың мұрасы - адамзат қазынасы» тақырыбында әдеби марафон өтті. Шараға Ақсу аудандық жастар ресурстық орталығы,

аудандық мұрағат, «AMANAT» партиясының Ақсу аудандық филиалының қызметкерлері қатысты.

Жанель ЕСІЛҚЫЗЫ, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының консультанты.

АКСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық «ҚАЗПОШТА» байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

БАСПАСӨЗ - 2024

Пайдаланбай жатқан жерлер мемлекет меншігіне қайтарылды



Ағымдағы жылдың өткен уақытында аудан Прокуратурасымен Ақсу ауданы аумағында пайдаланбай жатқан ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді анықтап, мемлекетке қайтарып берді.

Прокуратурамен жүргізілген талдау нәтижесі бойынша аудан аумағындағы кәсібін жүзеге асырып жүрген ЖШС-мен жалпы алаңы 6989,5 га. 2022 жылдан бастап пайдаланылмайтындығы анықталып, Жетісу облысының Жер ресурстарын басқару департаментіне (бұдан әрі - Департамент) ЖШС пайдаланылмайтын жерлерді алып қою туралы шаралар қабылдау туралы ұсыну енгізілді.

Енгізілген қадағалау актісінің негізінде Департаментпен облыстың мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап-арыз енгізілді, соның негізінде сот мемлекеттік жер қорына жерді алып қою туралы шешім шығарылып, ЖШС-пен пайдаланбай жатқан жерлер мемлекеттік жер қорына жалпы ауданы 6 989,5 га. ауыл шаруашылығы мақсатындағы 30 жер учаскесі қайтарылды.

Бұл жер учаскелерінің кадастрлық құны 97 729 920 га. құрайды. Аудан прокуратурасы Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару бойынша жұмысты жалғастыруда.

Д.ТҰРСЫНОВ,
Ақсу ауданының прокуроры.

"ЖАРИЯ СЕКТОР" - қылмыстық іс материалдарына қол жеткізу



«Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарламаны немесе баяннатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Бас Прокурордың 19.09.2014ж. №89 Бұйрығының 57-1-тармағына сәйкес, қылмыстық процеске қатысушыларға қылмыстық-процестік заңнаманың талаптарын сақтай отырып, процестік мәртебеге ие болған кезден бастап «Жария сектор» функционал арқылы СДТБТ ақпараттық жүйесіндегі қабылданған процестік шешімдер мен қылмыстық іс материалдары туралы мәліметтерге қол жеткізу қамтамасыз етіледі, сондай-ақ, электронды форматта

өтінішхат беруге және оған жауап алуға мүмкіндік береді.

Қылмыстық-процестік заңнама шеңберінде өтінішхат беру үшін Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінің ақпараттық жүйесінің «Жария сектор» порталына <https://erdr-public.kgp.kz/> сілтемесі бойынша өту қажет.

Бұл функция қылмыстық процеске қатысушыға ақпараттық қауіпсіздік пен құпиялық талаптарын сақтай отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мәліметтеріне және СДТБТ-да тіркелген электрондық қылмыстық іс материалдарына қашықтан қол жеткізуге, сондай-ақ қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында өтінішхат мәлімдеуге мүмкіндік береді.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ.

Алғы есаған ақ жалатты абзал Жан

Ауырып жазылған жан олжа.

Басы ауырып, балтыры сыздамағанның тәжірімен ісі жоқ.

Денсаулықтың қадірін, ауырғанда білерсің.

Денсаулық - зор байлық.

Адам барында бағалай білмейтін екі құндылық бар екен оның бірі - уақыт болса, екіншісі - денсаулық. Шыны керек көбіміз денсаулықтың қадірін біле бермейміз. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ», - демекші денсаулықты барында бағалай білмеген адамдар басына дерт салмақ салғанда ғана денсаулықтың, өмірдің құнын ұғынады. Жақын арада ауылымыздың екі атпалдай азаматтары қарақұрт шағып уланудан арғы дүние есігіне таяу барып қайтты. Жазылып шығып жанұясына аман-есен қосылған жігіттердің әңгімесі де ұқсас. Шөп жинау науқанында белсенді еңбек етіп жүргенмін, - деп бастады әңгімесін Дархан Көшімбеков. Желке тұсым шым ете қалғанын сезіп сипап қалғанымда қарақұртты көзім шалды. Бірден әлсіреп, аяқ-қолым ұйып жансызданып, басымы айналып, құсық келіп жатып қалған мені бірден аудандық ауруханаға жеткізді.

Қалиахметов Нұрлыбек болса баласымен үйінде шөп жинап жатып бір нәрсенің шағып алғанын сездім, бірақ аса ешнәрсе сезіле қоймаған соң 2 сағаттай демалып үйде жатып қалдым. Бірақ өне-бойым ұйып, ісініп, жүрек қағып әлсіреген соң ауыл дәрігеріне жүгіндім. Ол кісілер бірден алғашқы көмектерін көрсетіп, жедел жәрдем машинасын шақыртып ауруханаға жеткізді, - дейді.

Аталған екі азамат та бірден реанимация бөліміне жатқызылды.

Реаниматолог дәрігерлер



Демеубаев Айбол, Сәбитұлы Бейбіттің жанқиярлық еңбектерінің арқасында өзіміз бері қарап, денсаулық түзеле бастады. Жағдайымыз жақсарған соң терапия бөліміне ауыстырылып, Есжанов Жандос емімізді жалғастырды. Жан алқымға тіреліп, бір жұтым ауа, суға зар болып, дүние төңкеріліп, көз алдыңнан ажал көлбөндеген мезеттерде дәрігердің біліміне, біліктілігіне жаныңды шүберекке түйіп тапсырады екенсің. Жайшылықта осы кісілердің орасан зор еңбегін ескермей жүретін батырың ақ халатты абзал жан сені періштедей қорғайтын жан екенін қара тырнағыңа дейін түсінесің.

Міне, осы аты аталған азаматтар Сағабүйен ауылдық дәрігерлерінің дәл уақытында жедел ем-шаралар жасап, ажалға арашашы болуының арқасында аман-есен жазылып, жанұямызға қосылдық.

Аудандық ауруханасының бас дәрігері Құрымбай Байқадам Болатұлына, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Ерғабылов Дәулет, реанимато-

лог, терапевт, жалпы дәрігерлер қауымына алғысымыз шексіз.

Ауруханада құрылыс жұмыстары жүріп, қолайсыз жағдайда ем алып жатқан аурулардың бәрі - осы қиын кезеңде жұмысты өз деңгейінде ұйымдастырып, ауру адамдарға бар жағдайды жасап отырған басшылыққа рахметін айтады.

Жұмыстарыңызға сәттілік, жаңуы бақытын, ел денсаулығын қорғаудағы ерен еңбектеріңіз табысты болуын тілеп, зор алғыс айтамыз, - деп аяқтады әңгімесін жігіттер.

"Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде", - деген атам қазақ.

Ыстық ауа - райы, биылғы қарақұрттың көбейіп тұрған шағында сақ болайық ағайын, салауатты өмір салтын сақтап, жас өсіп келе жатқан ұрпаққа жастайынан денсаулықтың қадірін білуді, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды қалыптастырайық, Дұрыс тамақтану, спортпен айналысу, жүгіру, жаттығулар жасау деннің саулығына өкелері сөзсіз.

Шолпан БАҚТАЕВА,
жалпы отбасылық дәрігер.



"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалы, Матай бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен, "Ардагерлерді ардақтайық" партиялық жобасы аясында қариялардың үй ауласы тазартылды.

Партиялық жобаның мақсаты - жалғызбасты қария, ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне жүйелі көмек көрсету. Үй мен ауланы тазалау, азық-түлік пен дәрі-дәрмегіне көмек беру, ең бастысы - олармен әңгімелесіп, уақыт өткізу. Жақсылыққа жаны құмар, жомарт жандардың көмегіне риза болған Лекерова Галина алғысын айтып, ақ батасын берді. Елімізде қарт адамдарға деген ықылас жыл сайын артып, мемлекет тарапынан оларға көрсетілетін көмектің көлемі де ұлғайып келеді.

Ардагерлер мен қарттар алдындағы парызымызды білеміз. Бұл парыз - оларға қамқорлық көрсету, оларды қолдау арқылы өтеледі. Ұрпақтар сабақтастығы жарасымымен сақталса елдің берекесі де, мерекесі де таусылмасы анық. Бейбіт заманның қадірін білетін қадірлілеріміздің ақылы - дария, өмірі - өнеге.

Жанель ЕСІЛҚЫЗЫ,
"AMANAT" партиясы
аудандық филиалының
консультанты.

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАУ – парызымыз



ЭТНОЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ "ШАҢЫРАҚ" ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. «Шаңырақ» журналистика саласындағы шығармашылық конкурстың (бұдан әрі – конкурс) осы ереже Жетісу облысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының іс – шаралар жоспарын және «Қоғамдық келісім» КММ жарғысын (бұдан әрі – ұйымдастырушы) іске асыру мақсатында әзірленді.

1.2. Байқаудың басшылығы:

1). Байқаудың ұйымдастырушысы «Қоғамдық келісім» КММ (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

1.3. Осы Ереже шығармашылық байқаудың өткізілу тәртібін және жарияланымдарды/жобаларды іріктеу критерийлерін айқындайды.

1.4. Ұйымдастырушы:

- Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

- Құрылтайшының келісімі бойынша қазылар алқасын қалыптастырады және бекітеді;

- Жеңімпаздарды анықтайды және байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімін өткізу тәртібін қамтамасыз етеді.

1.5. Байқау жеңімпаздарын анықтау барысында қатысушылардан ұйымдастырушы қосымша ақпарат сұратуға құқылы;

1.6. Байқау жеңімпаздарын бағалау комиссиясы анықтайды. Қорытынды байқау комиссиясы хаттамасымен бекітіледі.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Байқаудың мақсаты: этносаралық бірлік пен келісім тақырыбын телеарналарда, интернет ресурстарында және әлеуметтік желілерде кеңінен танып алу.

2.2. Байқаудың міндеттері:

• этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні мен мазмұнын ашатын, мәдениетаралық диалогты дамытуға ықпал ететін, этносаралық келісім мен бірлікті қамтамасыз ететін бейнематериалдарды ақпараттық кеңістікте тарату;

• күнделікті өмірдегі этносаралық қарым – қатынастың жағымды үлгілері туралы бейнематериалдар дайындау (жұмыс ұжымдарында, оқу, кәсіпкерлік, қиын өмірлік жағдайларда өзара көмек көрсету, этносаралық достық пен неке этносаралық келісім мен бірлікті қамтамасыз ететін бейнематериалдарды ақпараттық кеңістікте тарату;

• қатнастың жағымды үлгілері туралы бейнематериалдар дайындау (жұмыс ұжымдарында, оқу, кәсіпкерлік, қиын өмірлік жағдайларда өзара көмек көрсету, этносаралық достық пен неке үлгілері, бірлескен қоғамдық іс – шаралар, әскери және мемлекеттік қызмет және т.б.);

• этностық топтар арасында мемлекеттік тілді үйренуді насихаттау, мемлекеттік тілді Қазақстан этностарының интеграциясының тиімді құралы ретінде көрсету;

• қоғамда жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісім құндылықтары тақырыптарын жариялауда және оны ілгерілетуде әлеуметтік желілердің рөлін арттыру;

• халық арасында, оның ішінде түрлі этностар арасында азаматтық құндылықтарды, құқықтық сауаттылықты насихаттау және дамыту;

• азаматтық қоғам өкілдерін этносаралық келісім мен бірлікті қамтамасыз ету бойынша жұмысқа тарту, этносаралық коммуникациялар мен өзара бірлескен қызмет туралы жағымды тұрғыда жариялау.

3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Байқауға журналистер, бейнеоператорлар, студенттер, мобилографтар, блогерлер және

бірегей бейнеконтент жасаумен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

4.1. Байқауға мемлекеттік және орыс тілдерінде телеарналарда, интернет – ресурстарда, әлеуметтік желілерде, оның ішінде Instagram, YouTube, TikTok, Facebook – те ағымдағы жылғы 1 қаңтардан 1 қыркүйекке дейін жарияланған бейне-роликтер қабылданады.

4.2. Байқау келесі тақырыптық бағыттар бойынша өткізіледі:

• қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделінің мәнін ашу;

• этностар арасында мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту;

• этносаралық және мәдениетаралық коммуникацияларды нығайту;

• этносаралық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған азаматтық қоғам өкілдерінің қызметін жария ету;

• құқықтық сауаттылықты арттыру және азаматтық құндылықтарды дамыту.

4.3. Байқауға өтінімдерді қабылдау күні аяқталғаннан кейін ұйымдастырушыға ұсынылған немесе байқау талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер қаралмайды.

4.4. Байқауға жіберілген материалдар рецензияланбайды, қайтарылмайды.

5. БАЙҚАУДЫҢ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

5.1. Байқауға түскен өтінімдерді бағалау процесінде келесі талаптардың сақталуы ескерілетін болады:

- материалдың байқаудың тақырыбына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестілігі;

- тақырыптың толық ашылуы;

- автордың шығармашылық көзқарасы, материалдың ерекшеліктері;

- материалдың жаңалығы мен өзектілігі, объективтілігі мен дұрыстығы;

- автор көтерген мәселелердің қоғамдық маңызы;

- этносаралық қатынас саласында түзету термин сөздерінің қолданылуы.

6. БАЙҚАУҒА ӨТІНІМДІ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

6.1. Өр қатысушы 1 (бір) өтінім тапсыра алады. Байқауға қатысу үшін бір өтініммен берілетін материал саны шектелмейді.

6.2. Байқауға қатысуға өтінім қатысушының келісімін білдіру және оның байқауға қатысу үшін ұсынылған материалдарға авторлық құқықтарын және олардың осы Ережеде көзделген талаптар мен шарттарға сәйкестігін растау нысаны болып табылады.

6.3. Қатысушы байқауға жұмыстарды ұсына отырып, кейін материалдарды ұйымдастырушы тараптың пайдалану үшін, оның ішінде БАҚ – та және әлеуметтік желілерде ілгерілету үшін берілгенін растайды;

6.4. Байқауға қатысу үшін өтінімнің мазмұны бойынша төмендегілер болуы тиіс:

• осы ереженің 1 – қосымшасында берілген нұсқаулыққа сәйкес үміткердің толтырылған өтінімі;

• өтінімнің байқау талаптарына сәйкестігін растайтын қосымша құжаттар;

6.5. Байқаудың іріктеу критерийлеріне немесе конкурстық өтінімді беру талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер/материалдар қарастыруға қабылданбайды.

Байланыс телефондары: +7 705 202 60 13, +7 707 268 13 44. E – mail: qkzhetysu@mail.ru

ҚР Азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы Заңға өзгерістер



2024 жылғы 19 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды.

Көрсетілген Заң «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) түзетулер енгізуді көздейді.

ТҮЗЕТУЛЕР ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕННЕН КЕЙІН:

1. соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімдерінде

- міндеттемелер бойынша 1 айлық есептік көрсеткіштен кем төлемді қарыз бойынша өтеудің болмау мерзімін санаған кезде есептемейді;

- коллекторлық агенттікке берілген шарттар бойынша өтеудің болмау мерзімі құқық (талап ету) берілгенге дейінгі соңғы төлем күнінен бастап есептеледі;

- 12 айдан артық төлемдер болмаған жағдайда, орындалмаған міндеттемелерді реттеу бойынша шаралар қабылданғанын растау талап етілмейді.

Бұдан басқа, жеке тұлғалардың банктік қарыз шарттары, қарыз (несиелік) шарттары және микрокредит беру туралы шарттары бойынша талап ету құқықтарына ие барлық ұйымдар алдындағы міндеттемелер бойынша рәсімді қолдануға болады. Яғни егер ұйымның тиісті шарттар бойынша талап ету құқықтары болса, оның мәртебесіне (лицензиясынан айырылған, тарату үстінде, тізілімнен шығарылған) және нысанына (коллекторлық агенттік, микроқаржы ұйымы, арнайы

қаржы компаниясы және т.б.) қарамастан, борышкер соттан тыс банкроттық рәсімі туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

2. төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімінде

- мерзімі өткен міндеттемелері болмаған және тұрақты кірісі болып, бірақ мүлкі болмаған жағдайда қолданады;

- төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары бекітілгеннен кейін борышкер елден тыс шыға алады.

3. қаржы басқарушысы

- кредиторлар өз талаптарын мәлімдемеген жағдайда, борышкер ұсынған деректерден кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыра алады;

- сот арқылы банкроттық рәсімі аяқталғаннан кейін өзінің сыйақысын төлеуді талап ете алады (қаржы басқарушысының сыйақысының төленбеген бөлігі тоқтатылуға жатпайтын міндеттемелердің тізбесіне енгізілген).

4. уәкілетті орган қаржы басқарушысы борышкерге/оның кредиторларына талаптары немесе міндеттемелері болғандықтан немесе егер ол борышкердің/кредитордың жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туысы болғандықтан өз өкілеттіктерін жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда оны шеттете алады.

Сондай – ақ, бірқатар нақтылайтын түзетулер қарастырылған. Атап айтсақ, борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш берген кезде, кредитор және қарыз сомасы туралы мәліметтерді көрсетпейді, сондай-ақ, өтінішке құжаттарды қоса беруге міндетті емес. Бұл ретте тиісті рәсімді қолдану үшін жұбайының келісімі қажет.

Түзетулер 2024 жылғы 25 тамыздан бастап күшіне енеді.

АҚСУ АУДАНДЫҚ КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

● МАМАН КЕҢЕСІ

Аудан көлеміндегі ауылшаруашылық жайылым, шабындықтарға ерекше қауіп төндіретін шегірткенің екі түрі тіркелген. Олар азиялық және итальяндық прус. Зиянкестің азиялық түріне тоқталсақ, жеті апаттың бірі шегіртке демекші бұл зиянкестен келетін қатер өте зор. Барлық ауылшаруашылық дақылдарына зиянын тигізеді. Шегіртке зиянкестері күн ысыған сайын өсімдіктерден мол қорек және ылғал алу үшін онымен жаппай қоректенеді. Шегіртке дернәсілдері топырақтың беткі қабаты белгілі мөлшерде қызғанда ғана жер бетіне шығады. Жанданған кезде ересек шегірткеге ұқсас келеді, тек қанаты болмайды. Дернәсілдердің даму сатысы бірнеше күнге созылып, ересек қанатты шегірткеге айналады. Даму кезінде дернәсіл 4-5 мәрте түрленіп, 4-5 жасқа өтеді. Жандануы кезінде үйірленіп, олар 1 га-да 100 және одан да көп болды. Жылына бір рет ғана ұрпақ береді. Шегіртке көбіне адам баласы мекендемейтін, техника бара алмайтын, мал көп жиналмайтын тың жерлерге, қамысты жайылымдарға, өсімдік тамырларының арасына өздерінен бөлініп шығатын сұйық затпен топырақты қатайтып, күбірше жасап оған жұмыртқа салады. Күбірше шегіртке тұқымының қыстап, көктем шыға дамуына қолайлы. Бір күбіршіктен шамамен

Аса қауіпті зиянкес азиялық шегірткенің биологиясы мен таралуы және күресу шаралары



50-70 аралығында дернәсілдер шығады. Қатты ыстық және құрғақшылық жылдары шегірткенің топырақ бетіне салған жұмыртқалары кеуіп қалса, ал, салқынды және ылғал қоры мол жылдары болғанда

жұмыртқалары көгеріп, саңырауқұлақ қоздыратын инфекциялардан өледі.

Шегіртке дернәсілдеріне уақытылы өңдеу жұмыстары жүргізілмесе, алдағы жылдарда мыңдаған гектар жерге тұқымын

жайып жіберуі мүмкін. Саны көбейген жағдайда егістіктер мен жайылымдарға, жер бетіндегі биомасса бөліктеріне қатты зияндылық келтіреді. Күніне ондаған шықырымға дейін ұшып, өсімдіктерді отайды. Шегіртке – жарық сүйгіш зиянкес болғандықтан, түнгі мезгілде елді мекендерге, көшедегі жарықтарға ұшып келеді.

Аудан көлемінде былтырғы жылдан бастап шегіртке зиянкестерінің көбеюі байқалуда, оған ауа райы қолайлы жағдай туғызып отыр. Алдағы 2025 жылы ауданымызда шегірткеге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары – 2,0 мың гектар жерге жоспарланып отыр. Ауылшаруашылық жерлерін зиянкестерден кешенді қорғау үшін олардың сандарын жіті бақылап, уақытылы химиялық әдіспен (дернәсілдердің 2-3 жас кезінде) өңдеу жұмыстарын жүргізудің тиімділігі жоғары болады.


Құрметті шарауа қожалық басшылары өз меншік жерлеріңіздің 1 га. жерде 1000-нан жоғары зиянкестер анықталған жағдайда қолданыстағы «Қазақстан Республикасының территориясында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне» енгізілген улы инсектицидтермен химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізуді ұсынамыз.

Ғ.ҚАЛИЯҚПАРОВ,
ҚР АШМ АӨК МИК "РФДЖБӨ" РММ
Ақсу аудандық филиалының энтомологы.

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ!

Жандаралдың Жарлығы

Айдаһар қоршан, патшаға отар болған Жетісу.
Илияс ЖАНСҮГІРОВ.



Келтелеу құйрық ат мінген,
Өлекедей жалаңқан.
Ербендеген мылтықпен,
Қылыштары жарқылдап.
Жан алатын жендеттей,
Жөлекедей жалақтап.
Бет қаратып, сен дөпей,
Ысқырып жұртты тықпалап.
Ызбарлы, зілді сұр солдат,
Көшеден айдап халықты.
Ақ кеңсені алқымдап,
Топ жиылып қалыпты.
Жиылған қалмай кәрі де,
Еңбектеген жас бала.
Ел шошынды бәрі де,
«Бар ғой» деп, үлкен маскара.
Күн батыс жақ алдына,
Ақ кеңсеге симады ел.
Далада, ешкім қалды ма,
Қамалған жұртқа тартты сый,
Табылмады алаң жер.
Сүбелі жерге орнаған,
Кебеже қарын болыс, би.
Қажы тақсыр, молда-иман,
Қолда таспиық тып-тыныш,
Басына сәлде ораған.
Жөлегей шапан, кең қоныш,
Сапсыған сақал додаман.
Қолда портфель старшын,
Сусындап жүр сумаңдап.
Шетте қалған қақтығып,
Киімі жыртық батырақ.
Қатын, бала аптығып,
Ауыру да жүр қалжырап.
Қалың жұртты тықсырып,
Пристав қойдай иірді.
Өлеке түсіп қышқырып,
Тәртіптеген боп жүрді.
Мекемеден жандарал,
Шыққан да жоқ әлі де.

Жақсылық бар ма, не хабар?
Лап берді алға бәрі де.
Ербендеген «шула ма,
Тыныш» деді әрине.
Қылды жым-жырт бір жола,
Үндемеді ел енді.
Ақ кеңседен сұр адам,
Шыға келді жандарал.
Захар Червой атаман,
Микалаевич уезд бар.
Оқалы өңкей кигені,
Сап-сарыала салтақтай.
Алтын жеңді, түймелі,
Тіл қатпады, жан батпай.
Барлығы да өр көкірек,
Әжеті бар қолқада.
Сампылдақтар кекірек,
Тына қалды ортада.
Жандарын тартып ішкері,
Бет бен аузы - зәр қаһар.
Көріңді жұртқа түстері,
Бейне бір тажал – айдаһар.
Жақсы, жаман хабарды,
Біле алмады, ел жел буаз.
Өң-түсі кетіп, қуарды,
«Уһ» деп леп шығарды аз.
Тұрды жиылып көп халық,
Аузы ғана күбірлеп,
Үрейленіп, шошынып,
«Өлер жерім шығар» деп.
Қартайып қарт қажыған,
Жіберді жылап кей бірі.
Ышқынып іштен зарланып,
Шықпады жым-жырт жұрт үні.
Долданып, жынданды,
Чистаковский жандарал.
Екіленіп ызбарлы,
Сөз бастады төгіп зәр.
Бір сағаттай сөз айтқан,
Өкіленіп, екпіндеп.
Сонша сөзді ұлғайтқан,
Ерікпеннен «ит киргиз» деп.



Ет жеп, қымыз ішесің,
Қызара бөрітіп, жеңілдеп.
Жайлаудан жайлау көшесің,
Семіріп, тойып, іңкілдеп.
Ол дәуір өтті басыңнан,
Киргиздар соны шын біл деп.
Мылтықтарын асынған,
Көрсетті қаһар күрілдеп.
Ресейдің өз ішінен,
Шіріді шірік бір-бірлеп,
Жан-жағын жайлаған күшімен,
Қайыса ма қабырғаң,
Алып елді бүлдірмек.
Көрсендер де көрмейсің.
Біз орыстар жатырмыз,
Қызыл қаңға боялып.
Біздің патша ағзам,
Пәрмен берді өлмейсің.
Женсің бе бізді ағылшын,
«Киргиздар» көз аш оянып.
Келгенім жоқ ермекке,
19 пен 43,
Жастарыңды бермекке.
Осы жарлық!
Жастарыңды бізге бер?!
Сұп-сұр болды, ел телжиіп,
Жабылды қабақ бірі қалмай.
Тас төбеден шөп тііп,
Қос қолдап шоқпар ұрғандай.
Жас өспірім, көрінін де,
Жанына болды батқандай.
Қатын, бала бәрін де,
Болды тегіс атқандай.
Өні қашып, сұр кетіп,
Бірінде пішін қалмады.
Селкілдеп дене дір етіп,
Көздерден жас парлады.
Үндемеді, ел кешікті,
Жандарал тағы ышқынды.
«Айтарыңды айт» деп ақырып,
Халықты қойдай тықсырды.
Кім екенін кім білсін,
Байқамай да қалдық-ау.
Алдығы жақтан көп үшін,
Салды біреу қарсы дау:
Бізге берген патшаның,
Уағдасы жоқ па еді?
Өзің-ақ енді айт шығам,
«Солдат алам ба» деп пе еді?
Жеріңе қол сұқпаймын,
Деп еді ғой, ол қайда?
Хан жарлықтан тайғанда,
Қара болар, уәде сөзі қайда?
Патша айтқанынан қайта ма?
«Қайтпайды» дейміз қазақ біз.
Сұраныңз көптен айта ма?
Күмәнді тұрмыз өзіміз.

Шөкенұлы Құсайын 1916 жылы «июнь»
жарлығымен «трудовой армияға»
барғанның бірі. Басынан өткізгенін
өлеңмен жазып мұрағатқа қалдырғаны:
Біз кеттік патша салған кесігімен,
Болыс мәз, мал жинаған писірімен.
Ер кетіп, ел шығынға белден батты,
Байлардың ұстап салған кесімімен.
Бай ұлы, бәр мырзасы үйінде отыр,
Жылаған өңкей жетім, жесірменен.
Апырмай, кетеміз бе елді көрмей,
Көшетін қайран Ақсу, бойынды өрлей.
Төбеден бұлт шалған Қарасырық,
Жатушы ед төрт түлік мал бетті керней.
Аталық, Бөрібай, Шоңай,

Найман шалмен,
Бұл істің жатыр ме екен, бірін көрмей?
Жер жоқ қой, Жетісудай суы тәтті,
Қадыры сол төттінің жанға батты.
Дегенде «жас жігіттер солдат болад»,
Қайран ел аяңған жоқ, қарсы шапты.
Құралсыз құрғақ айла неге тығын,
Орнында аяқ серіппей, қырғын тапты.
Солдаттар қатар-қатар тізіп қойып,
Шығынсыз он бесіне бір оқ атты.
Қазақты доктор сойған тышқандай ғып,
Қылышқа ырым үшін қанын жақты.
Ел-жұртты қорғайды деген атқа мінер,
Сол болып, ауыр ісі тиын бақты.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

Шілденің тас қайнатқан ыстығында астында ауыздығымен алысқан құлақасқа ат, үстінде шидем күпі, бұтында жарғақ шалбар, басында ақ жалғантағыс, өткір көзді, маңдайы кере қарсы бір адам келе жатты. Бір нәрсе түсіп қалғандай мезгіл - мезгіл артына қарап, біресе аяндап, біресе желіп, біресе шоқытып алады. Алдынан соққан ат жүрісінің лебі оның ұзын сақалын екі айырып, кей кездерде иығынан асырып, жібереді. Ердің қасындағы киіз қапты домбыра мен иығындағы ақауыз мылтық - оның қорғану құралы мен өнер құралын бірдей ала жүргенінен хабар береді.

Жолаушының өкше ізі Сарыарқа да, маңдайы Сырдың бойы сияқты. Жүрісіне қарағандай жай жегжатшылап бара жатқан адамға, не жоқ іздеген жоқшыға ұқсамайды. Даланың қожасы тап өзі сияқтанып жортып келеді.

Күн төбеден ауып «қатын бесін» болған кезде біздің жолаушымыз бір көгалға келіп тоқтады да ауыздығын алып Құлақасқаны отқа жіберді. Өзі келген жағына қарап біраз тұрып, атының қасына барып домбырасын алды. Оң қолдың шынтағымен домбыраның түбін қолтығына қысып тұрды да, бірнеше қауып - қауып жіберіп, сол қолдың салалы саусақтарын домбыраның мойнын куалай жүгіртіп алды. Одан кейін көп тартпай домбырасын қабына қайта салып, ерінің қасына іліп қойды. Биік аспаннан жер бетін шолғын қырандай ері - бері оң қолдың алақанын маңдайына қойып, алдыңғы жаққа көз жіберіп тұрды да, бір уақытта көк бетегені орақпен оғандай етіп, айналасын жылан жалағандай тақырлап, тойып алған Құлақасқаның айыл - тартпасын қаттырақ тартып, ауыздығын салып алып жүріп берді. Енді бұрынғыдай артына алаңдап қараған да жоқ, шаңын шаңына қосып, былаңқұйрыққа салып, «Сыр қайдасың?» дегендей тартты.

Құлақасқа да басын сүзе, ауыздығын шайнай жер апшысын қуырып барады. Иесінің алған бағытын сезгендей жүрген желісті үдете түсті. Құлақасқа аттың тымақты алшы кигізгендей әсем жүрісі жолаушының қасында жол қысқартып, қаңғыр - күңгір әңгіменің жоғын да білдірмеді. Кешке жақын соққан самал жел де атқа, адамға дем беріп, «жол болсын!» айтып тұрғандай. Ол жолаушының бетінен сипап ананың жылы қолындай сезім береді. Кең шалқыған дала да өзінің хош иісін шашып, туған баласына айтатын ең мейірбанды сөздерді айтқандай: «Қазақтың жері кең, оған кім сыймайды, мұнда кім болмады, бұдан кім өтпеді? Қобызын арқалап, адам басына ажал деген сөздің келмейтін жерін іздеген Қорқыт та, көз жасымен қара тасты еріткен Асан Қайғы да, Қозы Көрпештен қорқып малын айдап қашқан қаніпезер Қарабай да, елін жаудан қорғауда қолын ертіп жорыққа аттанған Қобыланды да - бәрі де өткен бұл арадан. Солардың бәрі де ел аузында ертегі болып қалған. Біреулерін халық сүйіп, мадақтап айтады, біреулерін қарғыс, ашумен әңгіме етеді. Сен де қаласың ел аузында. Жалғызбын деме. Бұл арада сенің домбыраңның үнін есітетін ел болмаса, жел бар оны адамға жеткізетін. Сенің домбыраңның үні сиқырлы үн. Ол кедергіні білмейді. Ол көз жетпес мидай жазық даламен де, аспанмен тірескен таудың басымен де, сылдырап аққан су бойымен де, ызыңдаған желмен де жүре береді. Оның үнін Шыңғыстың ұлы Жошы да, шайтанмен байланысты деп жұртты алдаған молданың шарифаты да, отқа жағып сындырам деген адыр болыс та өшіре алмаған!» - деп жолаушының құлағына сыбырлағандай болды.

Кеш болған сайын, салқын түсе келе Құлақасқа да екі құлақты қайшылап, басын шұлғып, жүрісті ұлғайта берді... Бұл келе жатқан жолаушы - қазақтың ұлы композиторы, дарынды күйші Құрманғазы еді. Оның мезгіл - мезгіл артына қарап, елсізде жалғыз жолбарыс-тай жортып келе жатқанын, алыс сапардан, сонау Үркіттен қайтып, Сарыарқаны басып, Алатаудың ақбасын керіп, туған жерінің шөбіне де, желіне де риза болып, еркіндік жырындай етіп домбырасын алып күй шерткен еді. Ол күй еңкейген кәрі мен еңбектеген балаға шейін білетін атақты «Сарыарқа» болатын. «Сарыарқа» жай жердің аты емес, жаратылыстың күнде болып тұратын құбылыстарының сырт суреті емес, ол халықтың күшті үні, ашуы мен арманы, қарасы алыс та болса аңсаған «Женіс жыры» болатын.

Өткен ғасырдың он сегізінші жылы бұрынғы Бөкей хандығына қарасты Жиделі деген жерде, Байұлының ішіндегі Қызылқұрт Сағырбайдың үйінде күнбе - күн болып жататын жай бір оқиға болды. Сағырбайдың жұбайы Алқа аман - есен «қол - аяғын бауырына алып», кішкене нәрестелі болды. Жанды - жақты, малды

Өткен жылы ғана қайталанбас өнер иесі, қазақ халқының кемеңгер перзенті, классик күйшісі, асқан шебер орындаушы, түнба музыкант, ұлтымыздың ұлы мақтанышы, күй атасы - Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығы аталып өтті.

Жақында интернет парақшаларын ақтарып отырып, 2014 жылы Алматы қаласындағы «Әдебиет әлемі» баспасынан «Ұлы дала тұлғалары сериясы» бойынша «Ғылыми қазына» айдарымен Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің бастамасымен шығарылған «Құрманғазы» атты электронды кітабын тауып алдым. Авторлары А.Қ.Жұбанов, С.Ә.Күзембай және К.С.Сахарбаева.

Оқып шықтым. Осы кітаптағы маркум академик А.Қ.Жұбановтың Құрманғазы баба туралы жазған өмірбаяндық зерттеуі өзіме ұнағаны сондай аудан тұрғындары да оқысын деген ниетпен оқырман назарына ұсынып отырмын.

Ербол СЫМХАНОВ

Құрманғазы

адам болса бұл сияқты оқиға біраз жерді шулатар еді. Ал, бұл сапар Сағырбайдың қараша үйімен қатар, ауыл шетінде отырған бірнеше сол сияқты қоңыр үйлер болмаса, басқа тарихтың «құлағы шулағандай» еш нәрсе болмады. Жалғыз көйлекті бүгін жуып - шайып, қырық жаммау бешбетінің омырауын тігіп алған қара кемпір кебежедегі орақ пышақты алып, жас нәрестенің кіндігін кесіп, «жыламайтын болады» деп есік алдында жатқан қапқа орай салды.

Әрі - беріден кейін іңгалаған баланы анасы алдына алып, емшек беледі, сүт шықпады. Осы бір жөргегінен шеңгелге алған мұқтаждық, жарымау жас нәрестенің өмір үлесіндей кейін де соңынан қалмай, түп етегінен ала берді, жоқтықтың басы болды. Кіндік шешесі шайға деп қойған бір көздей сүтін алып келіп, емізкіпен баланың аузына тамызды. Бұл да жас нәрестенің айналадан көрген бірінші мархабаты, бірінші қуанышы еді.

Молда шақыртып, азан айттырып ат қоятын шама қайда. Сондықтан Сағырбай нәрестені қолына алып көтеріп тұрып:

«Бүгін құрман айт екен, сенің атың Құрманғазы болсын», - деп айналадағыларға жариялады. Құрманғазы жоқтықтың ортасында болса да күн санап өсті, ауру - сырқаудан аман болды.

Құрманғазының әкесі Сағырбай бүкіл өмірін байдың жалшылығында өткізген талас - қоңыр алам болатын. Тұрмыс тапқысын көп көргеннен бе, қақ - соқпен жұмысы жоқ, күн көргеніне қанағат етіп жүре беретін. Сыбанған екі білегінен басқа айта қалғандай өнері де жоқ - ты. Ал Құрманғазы болса бала жасынан көзге түсті. Емшектен ерте суалып өз бетімен ерте «күн көре» бастағаннан ба, тез ер жетіп, тез шынықты. Басқа өз жасындағы балалар қорқып тұрғанда ол қойға, ботаға мініп алып, қайда алып қашса да жүре беретін. Баланың бұл мінезі жуас Сағырбайды кейде ойға қалдырып, «жалғыз балам бір нәрсеге ұшырап қала ма?», - деп қобалжытатын. Бірақ, Алқа осы жайлардың бәрінде миығынан күліп қарап тек іштей: «Тірі бол, қалқам», - деп жүре беретін.

Осы кездерде - ақ Құрманғазының музыкаға деген бейімділігі көріне бастады. Баласының ол «жаңалығы» да Сағырбайға пәлен дерлік әсер етпеді. Ата - бабасында «әулелі» болмағанына қарай, ондай ербенді елең қылмады. Қайта «домбырашы кедей болады» деген мәтелге сенетін басы іштей наразылықтан да құр болмады. Тек кешігіп көрген жалғыз бала болғасын анау - мынау дей беруге «құдайдан қорықты».

Ал, Алқа баласының бұл қабілетіне Сағырбайдан басқаша қарады. Оның есебі, Алқа үйінде тек қыз болып емес, әкесі Мәтіғұлдың пысықтығының арқасында еркек - шоралау, бірбеткейлеу болып өскен - ді. Талай рет қолаң шашты тастөбеге түйіп тастап, жіп белбеу буыны, екі білекті сыбанып, той - топыр, ас болса палуанға түсіп, не бір өңмендеген жігіттерге шаң қаптырған болатын. Енді, міне, жауырыны қақпақтай сом денелі, бұлшық еттері бөлініп - бөлініп тұрған жас балапаны - Құрманғазының басында күш пен көркемдіктің екеуі бірдей қосылуға беталғанын ерсілікке жорымай, кедей ұлына келісімсіз «даңқойлық» дегенге де мән бермей өзінше құптау түйініне келді. Тіпті, ішінде отырғанда аспандағы жұлдыз көрінетін Сағырбайдың жыртқы үйінің көп заманнан бері бір қалыпты сұр өміріне Құрманғазының мына бір өнері жаңа дем, жаңа бір шұғыла беретіндей болып көрінді.

Алқаның ағалары төпке ақын, аңыраған әнші, бармағынан бал тамған күйші, топтан жүзде алған палуан болатын. Құрманғазының басында сол өнерлердің бірқатарының көрінгеніне мейірімді ана қуана жүретін, нағашыларына ұқсаса деп тілек тілейтін. Сондықтан ба, кішкене

талапкердің музыкаға деп ерте созған қолын кейін қақпай, шамасы келгенше өз қол ұшын беруге бел байлады. Әрине, қолдау, қостау ғана болмаса, Алқаның өнерге деген ойы, мақсаты жастай - ақ қазақтың қызға деген көзқарасының кертартпалығы кесірінен кесіліп қалған - ды.

Құрманғазының өнерге деп созған қолы ата - анасының бірін қуантып, бірін қобалжытқан үй іші шеңберінде ғана болатын күңкіл аумағында болса, баланың кейбір, бұл баяндалғаннан сырт қылықтары, ауыл - аймаққа әшкере болуға айналды. Балаға сыншы - ана Құрманғазының бұл қылықтарының ішінен де жаман нәрсе емес, жаңа бір елес, жаңа бір ұшқын көруге тырысты. Мұны айтып отырғанымыз - жаратылысынан алып күш иесі болып туған Құрманғазы жасқану, қорқу, үрку дегенді білмеді. Әділдік жолында алдына әлді - ауқатты адамдардың балалары шықса да олардан қолын тартпады. Құрманғазының жұдырығын жеп, тізесі батқан бай балалары аз болған жоқ. Асық, ақсүйек сияқты ауыл ойындарында зорлық көрсетем деушілер жас Құрманғазыдан «тән - садақалық» үлестерін алып жүрді. Әрине, ауыл шетіндегі қараша үйдің баласының мұндай «сотқарлығы» ауылдың «жақсыларына», атқамінер пысықымақтарына ұнамады. Тіпті, әкесі Сағырбайдың өзі де Құрманғазының бұл ісіне наразы болды. Сағырбай бір жағынан, баласының қолы қатты тиіп кеткен құрбыларының шешелері қарғар деп қорықса, екіншіден, барға, «бақыттыға» қарсы келуді жас Құрманғазының жазасқан қадамы деп санады. Өмір соққысын көп жеп қажыған, ескіліктің торына шырмалған өке ежет ұлдың жанының тулауы мен толқуын ата дәстүріне қайшы келетін жол деп жорыды.

Алқа Құрманғазының бұл мінездерінен де жат еш нәрсе таппай, үй іші әңгімелерінде үнемі баласы жақта болды, оның үстіне кішкене Құрманғазы өзінің қолдан жасап алған домбырасын шатпақтап тартумен шұғылданып, шаруашылық тақырыбындағы әңгімеге құлағын тоспайтын болды. Жалғыз баланың бұлай «қу ағашпен» әуестенуі Сағырбайды енді бұрынғыдан да тыныссыздандырды. Тіс жарып еш нәрсе айтпағанымен қатты қынжылуда болды. Алқа айналада еш нәрсе болмағандай бұрынғыша жүре берді. Ал соңғы кездерде, тіпті, мейірімді бұрынғыдан да кеңейіп, өмірдің алдына тартқан сыбағасы - тапшылыққа да мән бермесе тырысты. Ішінде бір айтылмаған қуаныш бардай, Сағырбайдың қабағы шытылған кезде ол өзінің әдемі күлкісімен бәрін жойып жіберіп жүрді. Көп ұзамай бұл жұмбақтың сыры да ашылды. Құдайы беріп Алқа тағы да «жанының ауыр» екенін Сағырбайға айтты. Сорлы әкенің қуанышы қойнына сыймай, бұрынғы Құрманғазыға деген қырғиқабақтық жайына қалып, енді оны «майқұйрығым» деп сүйетін болды. Айдан ай өткенде Алқа босанып ұлды болып, оның атын Құрманғазыға ұқсас болсын деп Байғазы қойды.

Екінші ұлдың дүниеге келуі ата - ана үшін үлкен қызық болса, заманның жүгенсіз заңы өз дегенін істеп, жарлы жалшылардың күнін нашарлата берді. Жаңа қосылған адам Алқаның уақытын бөліп, бұрынғыдай мезгілінде, байдың сауынын сауып бітіре алмай, ішетін тамақ азая түсті. Садақаға деп беретін бай балаларының қалдық киімдері енді екіге бөлінетін болды. Сағырбай мен Алқа екінші ұлды болып бір жағынан «ақ түйенің қарны жарылса», екінші жағынан тұрмыс қыспағы өзінің темір тырнағын бұларға батыра түсті. Қалайда бір жол таппаса жалғыз Сағырбайдың табысы енді үш адамды асырай алмайтын болды.

Қаншама жақсы көргенмен, қаншама еркін өсуін көкөсегенмен, басқа амал - айла құрығасын, Алқа біраз тартысты да, ақыры

Сағырбайдың айтқанына көніп, кішкене Құрманғазыны алты жасқа жаңа келгенде, қабырғасын қатырмай, бұғанасын өсірмей жатып - ақ сол өредегі Шағбала деген байдың қозысының соңына салып қоюға мәжбүр болды. Кішкене Құрманғазы томпақтап, бай балалары таңның тәтті ұйқысына бөленіп жатқанда еңелерінен айырган қозыны ауыл айналасына жайып кететін. Ежелден зейінді жас өке - шешесінің ауыр жайын түсініп, олардың иек көтерген жағынан бұрылмайтын. Жалғыз - ақ «кемістігі» - баяғы қолдан істеген домбыра иығында әрдайым асулы жүретін де, қозы тобы тек қырдың астына түссе, отыра қалып есіткен әнін, күін тартатын. Талай рет қозыларды су басына иіріп тас-тап, домбырасын тартып, дүниені ұмытып отырған үстіне байдың адамдары келіп, Құрманғазының «тоғышарлығын», «қырсыздығын» өке - шешесіне айтып, беттерін басатын. Сағырбай салған жерден абыржып қалғанда, сезімді ана сүйікті ұлының бұл бір «кемістігіне» де кешірімділік жүрекен қарап, баласының «бірде қар, бірде жаңбыр бұрқасынды» болып келетін өмірдің өзгермелі ауа райына жас басынан тура қарап, «қолымен істегенін мойнымен көтеретіндей» әлпеті бар екендігіне іштей сеніп, қуанып, не де болса қақпайламай, анау - мынау үшін шаужайынан ала бермей, өмір тізгінін мезгіл - мезгіл бос та ұстап көрейін деген шешімге келді.

Ер жетіп, буыны қатқасын Құрманғазы сол Шағбаланың қойын бақты. Баяғы «кемістіктер» домбыра, тоғышарлық өлі де оның соңынан қалмайтын әңгіме болды. Бірақ оның бәрі де Құрманғазы үшін алдағы мақсатына бөгет бола алмады. Қойшылығы тамақ асырауы да, домбырасы жан азығы болды.

Құрманғазы далада жүріп, судың сылдыры, желдің суылы, құстың шырылы, көктің күркүрегені сияқты жаратылыс үндерін, өсіресе адам қоғамының әділсіздік әлпеттерін көз алдына елестететін, сан алуан мазмұнды қойшылардың ертегілерін, тартқанда «алпыс екі тамырынды» иітетін сыбызғының үнін асқан ынтазармен тыңдайтын. Кешкіқұрмы мал ауылға құлаған кезде ауыл шалдарын жағалап күй тарттыратын. Он саусақтың өнерімен үстем тап өкілдерінің талай - талай соққыларын сындырған халықтан шыққан домбырашылардың күйлерін тыңдағанда өз басының тағдыры да сол бір күй оқиғаларының ортасына түсіп кеткендей болып, кей кездерде ұйқы, тамақтан безіп те кететін. Осындай күй тыңдаудан туған ауыр ой, алысты жақындататын сұлу әңгіме, өз басындағы өмірдің ауыр салмағы жан - жақтап төнесе де, қажырлы жас, ізденгіш өнерпаз өңсесі түсіп, мойн бермейтін. Жалғыз - ақ қиялды күйдің небір қатпар - қатпар болып жатқан терең сырлары билегенде, қоралы қойдың көз алдынан ғайып болып кеткенін де сезбей, қойшы «заңының» тармақтарына дақ түсіріп алатын. Ауыл адамдарының көзіне Құрманғазы қызыл өгізді ерттеп мініп, жанына торсығын байлап алып, ертеден кешке дейін қой соңында жүретін көп қойшының бірі болып көрінгенімен - ердің қасындағы киіз қапқа салған домбыра, феодализм дәуірінің кейбір өздерінше өзгермес заңдарын тиеген арбаларын аударып кететін елеусіз шоқалақтың бірі еді.

Домбырада өз бетімен болса да ойнау практикасы жамала, байи келе Құрманғазы орындаушылық жолдың опонай емес екенін сезді. Күй қоры молайып, ойнау техникасы жоғары сатыға көтеріле бастаған сайын ол өзіне - өзі бұрынғыдан жауаптырақ, қаттырақ қарайтын болды. Әрине, күнбе - күн қатесін айтып, алдына жол көзеп отыратын оқытушысыз өз бетімен өнерге деп мойнын созған жасқа тез жүріп кету қиын. Қай жерде тышқан илеу, қай жерде жалғыз қазық барын ол біле қоймайды. Алайда мақсат қарасы алыстаған сайын іздену шабысын бұрынғыдан да үдетуге бел байлады. Жас өнерпаздың жолында Сағырбай сияқты әкенің домбыраны «шайтанның ісі» деген молдалардың сандалғанына сенетін басының қойшылық пен өнерді бір адамға сыйдыра алмай әлек болуы да біраз кесел жасады. Құрманғазы оған да қарамады.

Құрманғазының бұл алған бетін жалғыз Алқа қостағаны аз болып, талаптың тұлпарының бауыры жазыла алмай жүрген кезде Құрманғазының желі оңынан тұрып, «Құланның қасуына мергеннің басуы» дегендей, қарасы алыс көрінген арманына жетуіне ойда - жоқта бір себеп кездесті.

А.Қ.ЖҰБАНОВ,
академик.

(Жалғасы бар).

Азаматтар мен заңды адамдардың өтініш беру механизмін түсіндіру құқықтарды, сондай – ақ, тәртіпті қорғау үшін Прокуратураға тартымды жауаптар

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:
- өдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.
Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, кәмілетке толмағандардың, сондай-ақ, адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда;

- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;
- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;

- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;
- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды.
Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылданға дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымы бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

Айдын ТӨРЕБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығы,
аға әділет кеңесшісі.

Бизнесі қорғау



мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаттарды айқындайды.

Сонымен қатар берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ, тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115).

Сонымен бірге, кез - келген кәсіпкер Комитеттің «www.qatqor.gov.kz» ақпараттық порталында тексерістің тіркелуін көре алады.

Асхат ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің аға прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді. Сонымен "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекен-жайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрынғы Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын. Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, қодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервистің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жіберу алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған. Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы

іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі.

Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдың мекен-жайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӨМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Талғат ОМАРХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар



орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын. Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ, қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі», «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

Мерейхан СЕРІКЖАН,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Ақпараттық – анықтамалық қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті qatqor.gov.kz ақпараттық порталында әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғалар туралы мәліметтердің арнайы есепте болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты алу үшін qatqor.gov.kz порталына өту керек, одан әрі Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғалардың тізілімі бөлімінде ЖСН мен жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін енгізу қажет.

тарды пайдаланушыларға үйден шықпай - ақ, сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғалар туралы мәліметтердің арнайы есепте болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты алу үшін qatqor.gov.kz порталына өту керек, одан әрі Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғалардың тізілімі бөлімінде ЖСН мен жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін енгізу қажет.

Одан кейін жүйеде анықтама қалыптастырылады, оны талап ету орны бойынша ұсыну үшін қағаз түрінде басып шығаруға болады. Аталған анықтама электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған және ресми құжат болып табылады.

Санат БАЙТАСОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің өтініштерді талдау және бақылау бөлім прокуроры.

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 124 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 5070 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 7,2 % құрайды.

124 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы - 84, Текелі - 6, Ақсу - 2, Алакөл - 9, Ескелді - 8, Кербұлақ - 6, Көксу - 1, Қаратал - 4, Панфилов - 1, Сарқан - 3. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері "WhatsApp" мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар "WhatsApp" мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені "WhatsApp" қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайтарын пайдалану арқылы да жасалады.

Өлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзіңіз дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етмеңіз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми "App Store", "Play Market" және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни, 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Алия БЕКСҰЛТАНОВА,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің аға прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік қызметтің қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік қызметтің қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік көпілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекен-жай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғалар арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі ту-

ралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз.

Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі. Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімінен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді.

Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғаман алу мүмкіндігі жүзеге асырылған. Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың білі» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп

порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосымша Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу. Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметінің 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисі жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Ернұр БЕКТҰРСЫНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА - 35 ЖЫЛ!

ЗАРДАБЫ МОЛ САН ЖЫЛДАР



шараларының арқасында Семей полигонында ядролық қарудың сынауы бірнеше есеге қысқарған. Соңғы сынақ 19 қазанда болған. Осылайша бұл ұйым халықаралық болып жарияланды. 2009 жылғы 30 қазанда Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясының Бірінші комитетіне 29 тамызды Бүкіләлемдік ядролық қарудан бас тарту күні деп жариялауды ұсынды. Қарардың бірлескен авторлары 26 мемлекет болды. Оның ішінде Армения, Беларусь, Бразилия, Катар, Қырғызстан, Моңғолия, Араб Әмірлігі, Тәжікстан, Түрікменстан, Жапония және басқа елдер бар. Ұсыныс бірауыздан қолдау тауып, БҰҰ Бас Ассамблеясы бұл күнді өз күнтізбесіне енгізді. Содан бері 29 тамыз Ядролық қарудан бас тартудың халықаралық күні ретінде атап өтеледі.

Атаулы датаға 29 тамыздың таңдап алынуы да бекер емес. ҚР Президентінің 1991 жылғы 29 тамыздағы Жарлығымен Семей ядролық полигоны жабылған еді. 1949 жылдан бері қазақ даласын ұлап келген полигонның жабылуы кейін адамзат үшін тарихи оқиға деген баға алды. Семей ядролық сынақ полигондағы қатерлі қару зардабының жазықсыз жапа шеккендер жолында Полигон сұмдығы жайында әңгімелесу, ұрпақты қасиетті ата-баба жерінің мұңын бөлісу. Семей – қайғылы шындық екенін ұмытпауымыз керек.

Назира АУБАКИРОВА,
"AMANAT" партиясының мүшесі, Б.Сырттанов ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Биыл Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 35 жыл толды. Бұл полигонның жабылуына ақын, белгілі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов бастаған "Невада - Семей" қозғалысы үлес қосқаны мәлім. Баршамызға белгілі ғаламшарымыздың экологиялық жағдайы күннен – күнге нашарлап барады. КСРО заманында Қазақстан аумағында атом бомбалары сынақтан өтті. Ол үшін арнайы 18 500 шаршы шақырым жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылды. Семей ядролық сынақ полигоны (СЯСП) кесірінен Қазақстанның шығыс бөлігі түгелдей дерлік радиацияланды, ал кейбір аудандар экологиялық апат аймақтарына айналды. Полигон маңында өмір сүретін адамдар бірнеше ондаған жылдар бойы радиация зардабын шекті. Ядролық қару сынағынан 1 миллионнан астам қазақстандық зардап шекті. Бастапқысында адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей зардабын тигізген ашық сынақтар жасалды. Туа біткен аурулар, кемтарлық, жүктіліктің тоқтауы, қатерлі ісік қаупі артуы, иммун жүйенің зақымдануы, генетикалық ауытқулар, зағип атану, жүйке жүйесінің ауруы — мұның бәрі СЯСП-тің қазақстандықтарға тигізген зардабының бір бөлігі ғана.

"Невада - Семей" қозғалысы — қазақ елі үшін, жалпы адамзат үшін тарихи маңызы бар қоғамдық-саяси ұйым. 1989 жылдың 6 тамызында Семейдің Қарауыл кентінде "Невада-Семей" антиядролық қозғалысының бейбіт шеруі болған. Олардың жасаған

Әңгімеге түздық

Семей полигоны — КСРО-ның ядролық сынақ жүргізуге арналған аса маңызды стратегиялық объектілерінің бірі болды. Оны ашу үшін 18 миллион гектар жер бөлінген болатын. Бастапқыда сынақтар жер бетінде жүріп, адамдар мен қоршаған табиғатқа айтарлықтай зиян келді. Кейін сынақтар тек жер астында жүргізіле бастады. Атом бомбаларының жарылысы жергілікті тұрғындар үшін ауыр тиіп, 500 мыңдай адам азап шекті.

Бір тақырыпта екі мақала

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - баршамызға ортақ іс

Сыбайлас жемқорлық - мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ, мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғышығы, парақорлығы.



Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Мемлекеттік міндеттерді атқаратын, сондай-ақ, соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өкілеттіктерін өзгеше пайдалану, жеке өзі немесе делдерден арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз беру арқылы оларды сатып алу сыбайлас жемқорлық болып есептеледі.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңдағы қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделердің бұзылуына түрткі болады.

Егер Сіз, мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болсаңыз немесе заңсыз сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарының еріксіз куәгері болсаңыз, онда сізге Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бірыңғай Call-орталығы арқылы тегін 1424 нөмірі бойынша хабарласу қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағытының бірі – оның алдын алу болып табылады. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Жемқорлыққа қарсы күрес жан - жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен баршамыз бір кісідей атсалысып, күресуіміз қажет.

Ж.РАХИМОВ,
мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторы.

Жемқорлықпен күрес – кез - келген мемлекет үшін өзекті мәселелердің бірі. Барлық елдерде жемқорлыққа қарсы экономикалық, құқықтық және басқа да шаралар қолданылуда. Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған сәттен бастап сыбайлас жемқорлық орын алған аса қатысты қатаң мемлекеттік саясат қалыптасты. Еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» арнайы заң қабылдады. Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. Өрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс - тіршілігін тарылтатын, сөйтіп, олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Ол жараны емдесем бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеуіміз керек. Ол үшін сыбайлас жемқорлыққа қоғам болып қарсы тұрып, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойып, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің алдын - алуда әрбір Қазақстандық өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрғындардың мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз - ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция, яғни, көзқарас. Әрбір азамат өзінің елділік құқығын қорғауға міндетті. Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», - деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адам қалып - парасат биігінен көрінуге тиіспіз. Жемқорлықпен бірге күресейік!

Меруерт УАЛИ,
Ақсу ауылдық мәдениет үйінің директоры.

Хабарландыру!

27.08.2024 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде БЭП сайтында <http://ecportal.kz> / «287+1073 км «Талдықорған-Қалбатау-Өскемен» республикалық маңызы бар автомобиль жолының учаскесін реконструкциялау. 325-410 км. учаскесі» жұмыс жобасы үшін "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: "Шаньдун провинциясы Луцяо корпорациясының" ЖШС Қазақстандық филиалы, БСН 170341017003, мекенжайы: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Шоңай Батыр көшесі, 153 үй. тел.: 87711602565, bagi_zhann@mail.ru. Жоба материалдарымен ecportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А.Құрманғалиев, тел.: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecportal.kz сайтында қабылданады.

"Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы" ММ, 7su_expertiza@mail.ru., Тел. 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26 мекенжайы бойынша қабылданады.

Объявление!

С 27.08.2024г в течении 5-ти рабочих дней на сайте ЕЭП [http://ecportal.kz/](http://ecportal.kz) проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для рабочего проекта «Реконструкция участка автомобильной дороги республиканского значения «Талдықорған-Қалбатау-Усть-Каменогорск» км. 287-1073. Участок км. 325-410».

Инициатор намечаемой деятельности: Казахстанский филиал ТОО «Корпорация Луцяо провинции Шаньдун», БИН 170341017003, адрес: область Жетісу, Аксуский район, с.Жансугуров, улица Шоңай Батыр, 153. тел.: 87711602565, bagi_zhann@mail.ru. Ознакомитесь с материалами проекта можно на сайте ecportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел.: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecportal.kz, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru., Тел.: 8(7282) 32-92-67, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы **ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2174

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90. Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz Индекс: 65750 Оффсеттік басылым көлемі 26 т.